Оның шикізат бойынша өнімділігі жылына 52,4 мың тоннаны құрады.

Қондырғы өнімнің келесі түрлерін шығарды:

- авиациялық алкилбензин – жылына 34,3 мың тонна;
- автобензин компоненті – жылына 3,8 мың тонна;
- пайдаланылған бутан-бутилен фракциясы – жылына 12,7 мың тонна;
- пропан – жылына 0,68 мың тонна.

Газофракционирующая установка была введена в эксплуатацию после вывода на технологический режим установки каталитического крекинга ГУДРИ.

На начальном этапе была произведена обкатка всех компрессоров установки, проведена циркуляция газофракционирующей системы.

Сырьем для газофракционирующей установки был нестабильный авиационный компонент и жирный газ с установки каталитического крекинга и очистки ГУДРИ, жидкий отгон дебутанизатора с блока термического крекинга комбинированной установки АТ, общей производительностью по сырью – 325 тыс. тонн в год.

На установке производили авиационный компонент – 83,8 тыс. тонн в год, бутан-бутиленовую фракцию – 52,6 тыс. тонн в год, изобутан – 6,8 тыс. тонн в год, сухой топливный газ.

Пусковые операции основных технологических установок, несмотря на все трудности, прошли успешно. Утвержденная по заводу первая производственная программа, датированная сентябрем 1945 года, была выполнена: по валовой продукции – на 109,1%, по производству автобензина – на 112,9%.

Установка серноокислотного алкилирования была введена в строй в 1946 году.

Ее производительность по сырью составляла 52,4 тыс. тонн в год.

Установка вырабатывала следующие виды продукции:

- авиационный алкилбензин – 34,3 тыс. тонн в год;
- компонент автобензина – 3,8 тыс. тонн в год;
- отработанная бутан-бутиленовая фракция – 12,7 тыс. тонн в год;
- пропан – 0,68 тыс. тонн в год.

1946 жылы 23 ақпанда «Правда» газетінде №441 зауытының құрылысқа азат қатысушыларын медаль ордендермен марапаттау туралы КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының Қаулы жарияланды.


23 февраля 1946 года в газете «Правда» был опубликован Указ Президиума Верховного Совета СССР о награждении орденами и медалями отличившихся участников строительства завода №441.






Зауыттың партия конференциясының делегаттары. 1965 ж.
Делегаты партийной заводской конференции. 1965 г.

Зауыт техникалық кеңесінің отырысы
Заседание технического совета завода







4

Бөлім
Раздел

**Зауытқа
арналған шикізат**

**Сырьё
для завода**





1952 жылы №441 зауыт ресми түрде Гурьев мұнай өндіру зауыты (ГМӨЗ) болып қайта аталды.

В 1952 году завод №441 был официально переименован в Гурьевский нефтеперерабатывающий завод (ГНПЗ).



53

737-6302

4 Зауытқа арналған шикізат



Сырьё для завода

1960 жылдан бастап зауыт Ембі кен орнынан ауыр шайырлы мұнайды өңдеуді арттырды. 60-жылдардан кейін жергілікті кен орындарының мұнайы қайта өңдеу көлемінің 35-40%-ын құрады. Осындай қатынастағы мұнай өңдеу жағдайында 22%-ға дейін авиациялық бензин (жүзоктанды), 32,5% автобензин, 11% құрғақ газ және 27%-дан артық қазандық отынын алып отырды.

1961 жылы Гурьев МӨЗ келесі кен орындарынан төмендегідей қатынаста мұнай өңдеген:

- шығыс – 36,3%;
- ембі – 36,9%;
- түркімен – 26,8%.

1961 жылы мұнай өңдеудің жалпы көлемі іс жүзінде жылына 1 108 458 тоннаны құрады.

С 1960 года завод увеличил переработку тяжелой смолистой нефти с месторождения Эмба. После 60-х годов нефть с местных месторождений составляла уже 35-40% от объема переработки. При переработке нефти в таком соотношении получали до 22% авиационного бензина (стооктанового), 32,5% автобензина, сухого газа – 11% и котельного топлива более 27%.

В 1961 году на Гурьевском НПЗ перерабатывали нефть со следующих месторождений в соотношении:

- восточная – 36,3%;
- эмбинская – 36,9%;
- туркменская – 26,8%.

Фактический, общий объем переработки нефти в 1961 году составил 1 108 458 тн/год.



H0-6.



Ембі кен орнының мұнайшылары мұнай шығаруда
Нефтяники Эмбинского месторождения добывают нефть

1964 жылдың 20 тамызындағы №897 шартқа сәйкес, Гурьев МӨЗ-да мұнайдың келесі үлгілері ұсынылды:


1. Прорва мұнайы.

2. Ембі мұнайы, ол Тереңөзек кен орны Қаратон кәсіпорнының 90% IV-ші сұрыпты шайырлы ембі мұнайы және 10% прорва мұнайының қоспасы болып табылды.

Гурьев МӨЗ кеңейту және қайта жаңғырту жобалық тапсырмасының негізінде зауытта Ембі және Прорва мұнайының қоспасын 65%-ға 35% қатынасында өңдеу қарастырылды.

Ембі және Прорва мұнайының қоспасы күкіртті (күкірт – 1,27%), шайырлы (силикагель шайырлары – 7,0%, асфальтендер – 1,67%, кокстенуі – 3,10%), парафиндік (парафиндердің құрамы – 2,93%) болып табылады. Қоспаның құрамындағы ашық фракциялар 69,4%-ды құрайды.

*Мақат кәсіпшілігінің мұнайшысы
Нефтяник с промысла Мақат*



Согласно договору №897 от 20 августа 1964 года на Гурьевском НПЗ были представлены следующие образцы нефти:


1. Прорвинская нефть.

2. Эмбинская нефть, представляющая собой смесь 90% смолистой эмбинской нефти IV-го сорта с промысла Каратон месторождения Терен-Узек и 10% прорвинской нефти.

На основании проектного задания по расширению и реконструкции Гурьевского НПЗ, на заводе была предусмотрена переработка смеси эмбинской и прорвинской нефти в соотношениях 35% на 65%.

Смесь эмбинской и прорвинской нефти является сернистой (серы - 1,27%), смолистой (смолянистые силикагелевые - 7,0%, асфальтеновые - 1,67%, коксуемость - 3,10%), парафинистой (содержание парафинов – 2,93%). Содержание светлых фракций в смеси составляло 69,4%.

*Маңғышлақ мұнайының 1-эшелоны Гурьев МӨЗ-ге жіберілуде. 1965 ж.
Отправка 1-го эшелона мангышлакской нефти на Гурьевский НПЗ. 1965 г.*





№2 цехтың операторлары солдан оңға қарай: А. Бойко, У. Досанов, Г. Кнашкина, К. Сергеев. 1959 ж.

Операторы цеха №2 слева направо: А. Бойко, У. Досанов, Г. Кнашкина, К. Сергеев. 1959 г.

1965 жылдың 10 маусымында алдын ала өнеркәсіптік айдаулар жүргізу үшін, Гурьев мұнай өңдеу зауытына темір жол арқылы Маңғышлақ мұнайының бірінші эшелоны жіберілген болатын. Осындай жалпы саны үш айдау жасалды.

Маңғышлақ кен орындарынан зауытқа мұнай қабылдау және өңдеудің ресми басталған күні 1965 жылдың 13 шілдесі саналады.

Гурьев МӨЗ кеңейту және қайта жаңғырту жобалық тапсырмасының негізінде зауытта Маңғышлақ мұнайының қоспасын қайта өңдеу қарастырылды, оған өзендік XV және XVI горизонттарының және жетібайлық X горизонт мұнайларының 50-ден 50-ге қатынасында қоспасы кірді.

Физикалық-химиялық сипаттары бойынша мұнай қоспасы аз күкіртті және жоғары парафинді болып табылды. Маңғышлақ мұнайының қоспасынан автомобиль бензині, дизельдік отындардың фракциялары (шығарылымы мұнайға 50,5 – 60% құрады), түрлі маркалы мазуттардың МЕМСТ талаптарына жауап беретін 100 және 200 маркалы жағатын мазуты алынды.



*Мұнайды бастапқы өңдеу цехы
Цех первичной переработки нефти*




10 июня 1965 года первый эшелон с мангышлакской нефтью был отправлен по железной дороге на Гурьевский нефтеперерабатывающий завод для проведения предварительных промышленных пробегов. Всего таких пробегов было три. Официальной датой начала приемки и переработки нефти с мангышлакских месторождений на заводе считается 13 июля 1965 года.


На основании проектного задания по расширению и реконструкции Гурьевского НПЗ, на заводе была предусмотрена переработка смеси мангышлакской нефти, в которую вошли узеньская нефть XV и XVI горизонтов и жетыбайская нефть X-го горизонта в соотношении смеси 50 на 50.

По физико-химическим характеристикам смесь нефти являлась малосернистой и высокопарафинистой. Из смеси мангышлакской нефти были получены компоненты автомобильного бензина, фракций дизельных топлив (выход составлял 50,5-60% на нефть), топочный мазут марок 100 и 200, отвечающие требованиям ГОСТ стандарта на мазуты разных марок.





*Тауар-шикізат цехының жұмысшылары. 1962 ж.
Работники товарно-сырьевого цеха. 1962 г.*



1961 жылы мұнай өңдеудің жалпы көлемі іс жүзінде жылына 1 108 458 тоннаны құрады.

Фактический, общий объем переработки нефти в 1961 году составил 1 108 458 тн/год.







НЕФТЬ
ВЫСОКОВОДСКАЯ

ПОСТРОЕН
26-IV-1965
ЖДАНОВ З-О ТЯЖМА

СССР
[Hammer and sickle symbol]

25

60Т

773-0727






5

Бөлім
Раздел

**1969–1971 жж.
Жаңартудың
бірінші кезеңі**

**1969–1971 гг.
Первый этап
модернизации**





1970 жылы Қазақстан КП ОК Хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Байкен Әшімовтың қолымен Қазақстан КП ОК және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің №313 Қаулысымен Гурьев мұнай өңдеу зауытына В.И. Лениннің аты берілді.

В 1970 году Постановлением ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР №313 за подписью Секретаря ЦК КП Казахстана Динмухаммеда Кунаева и Председателя Совета Министров КазССР Байкена Ашимова Гурьевскому нефтеперерабатывающему заводу было присвоено имя В.И. Ленина.





5 1969–1971 жж.

Жаңартудың бірінші кезеңі



1969–1971 гг.

Первый этап модернизации

1969 жылдың тамызында АВТ-ЭТҚ мұнайды атмосфералық өңдеу және мазутты вакуумды қайта айдау технологиялық қондырғысы қолданысқа енгізілді. Бас жобалаушысы – «Азгипронефтехим» институты (Баку қ.). Қондырғы жылына үш миллион тоннаға дейін Маңғышлақ және Мартыши мұнайларының қоспасын дайындауға және өңдеуге арналған болатын. Ол алдыңғы қондырғының қуаттылығынан 4 есе артық болды және неғұрлым жоғары экономикалық көрсеткішті өнім ассортиментін едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. АВТ-ЭТҚ қондырғысының бірінші өнімдері автобензин, дизель отыны, уайт-спирит, вакуумды дистиллят, мазут пен гудрон болды. АВТ-ЭТҚ қондырғысының пайдалануға берілуі Гурьев МӨЗ тарихында зауыттың 1945 жылы алғашқы ашылуымен салыстыруға келетін маңызды оқиға болды. Маңғышлақ кен орындарынан мұнайдың шектеусіз жеткізілімі және халық шаруашылығының мұнай өнімдеріне қажеттілігінің арта түсуі мұнай өңдеу өнеркәсібінің дамуы үшін зауытқа үлкен перспективалар ашты.

В августе 1969 года была введена в строй технологическая установка атмосферной переработки нефти и вакуумной перегонки мазута ЭЛОУ-АВТ. Генеральный проектировщик – институт «Азгипронефтехим» (г. Баку). Установка была предназначена для подготовки и переработки до трех млн. тонн смеси мангышлакской и мартышинской нефти в год. Она в 4 раза превышала мощность предыдущей установки, и позволяла значительно расширить ассортимент продукции с более высоким экономическим показателем. Первой продукцией на установке ЭЛОУ-АВТ были автобензин, дизельное топливо, уайт-спирит, вакуумный дистиллят, мазут и гудрон. Ввод в эксплуатацию установки ЭЛОУ-АВТ стало важным событием в истории Гурьевского НПЗ, сравнимое с первоначальным запуском завода в 1945 году. Неограниченная поставка нефти с мангышлакских месторождений и продолжающийся рост потребности народного хозяйства в нефтепродуктах открыли перед заводом большие перспективы для развития нефтеперерабатывающей промышленности.

ЭЛОУ - АВТ-3 қондырғысы
Установка ЭЛОУ - АВТ-3



Каталитикалық риформинг қондырғысы
Установка каталитического риформинга



Каталитикалық риформинг қондырғысының 1-басшысы В. Гафнер. 1971 ж.
1-й начальник установки каталитического риформинга В. Гафнер. 1971 г.



1970 жылы Қазақстан КП ОК Хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Байкен Әшімовтың қолымен Қазақстан КП ОК және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің №313 Қаулысымен Гурьев мұнай өңдеу зауытына В.И. Лениннің аты берілді.

1971 жылдың желтоқсанында ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық риформинг, дебутандалған бензиннің жоғарғы октанды компонентін, сутектен құралған газды және құрғақ газды алуға бағытталған қондырғысы қолданысқа берілді. Қондырғының шикізат бойынша өнімділігі жылына 300 мың тоннаны құрады.

1971 жылдың 27 желтоқсанынан бастап 1972 жылдың 22 наурызына дейін қондырғы жұмсақ режимде пайдаланылды, ал кейін жобалық қуаттылыққа нормативті мерзімнен үш ай бұрын шығарылуды көздеген жұмыстың қатаң тәртібіне көшірілді. Каталитикалық риформинг

В 1970 году Постановлением ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР №313 за подписью Секретаря ЦК КП Казахстана Динмухаммеда Кунаева и Председателя Совета Министров Казахской ССР Байкена Ашимова Гурьевскому нефтеперерабатывающему заводу было присвоено имя В.И. Ленина.

В декабре 1971 года была принята в эксплуатацию установка каталитического риформинга ЛГ-35-11/300-95, предназначенная для получения высокооктанового компонента дебутанизованного бензина, водородсодержащего газа и сухого газа.

Производительность установки по сырью - 300 тыс. тонн в год.

С 27 декабря 1971 года по 22 марта 1972 года установка эксплуатировалась на мягком режиме, а затем была переведена на жесткий режим работы с выведением на проектную мощность, на три месяца раньше нормативного срока.



Гурьев МӨЗ-дегі сапа белгісін «Ұлы Қазанды лайықты қарсы алу» әлеуметтік сайысының жеңімпаздары орнатуда. Солдан оңға қарай: Д. Жиенғазиев, У. Жанғалиева және А. Хамзина. 1977 ж.

Знак качества на Гурьевском НПЗ устанавливают победители соревнования «За достойную встречу Великого Октября». Слева направо: Д. Жиенгазиев, У. Жанғалиева и А. Хамзина. 1977 г.

процесін бастапқы шикізатты алдын ала сутекпен тазалаумен үйлестіру осы қондырғыда құрамында күкірті жоғары тікелей айдалатын бензин фракцияларын қайта өңдеуге және октанды саны 78-80 (моторлық әдіс бойынша) бензин компонентін алуға мүмкіндік берді.

Жоғары октанды отын өндіру мақсатымен алдын ала сутекпен тазаланатын каталикалық риформинг процесін «ВНИИНефтехим» ғылыми-зерттеу институты әзірлеген болатын. ЛГ-35-11/300-95 қондырғысының жобасы Магдебург қаласы (ГДР) Карл Либкнехт атындағы «SKL» ауыр машина жасау зауытының халықтық кәсіпорны жобалық бюросымен және Ленинград қаласы «Ленгипрогаз» институтымен бірігіп орындалды. Жобаны Гурьев МӨЗ жұмыс жағдайына ыңғайлауды Баку қаласының «Гипроазнефть» жобалау институты жүзеге асырды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап 80-жылдардың ортасына дейінгі кезеңде Гурьев МӨЗ мұнай өңдеу бойынша барлық технологиялық қондырғыларының үлкен техникалық қайта жабдықталуы жүзеге асырылды, бұл зауыттың қуаттылығын жылына 4,9 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.


Сочетание процесса каталитического риформинга с предварительной гидроочисткой исходного сырья дало возможность перерабатывать на этой установке прямогонные бензиновые фракции с высоким содержанием серы и получать компонент бензина с октановым числом 78-80 (по моторному методу).

Процесс каталитического риформинга с целью получения высокооктанового топлива с предварительной гидроочисткой был разработан научно-исследовательским институтом «ВНИИНефтехим». Проект установки ЛГ-35-11/300-95 был выполнен совместно с проектным бюро народного предприятия завода тяжелого машиностроения имени Карла Либкнехта «SKL» г. Магдебург (ГДР) и проектным институтом «Ленгипрогаз» г. Ленинград. Привязку проекта к условиям работы Гурьевского НПЗ осуществил проектный институт «Гипроазнефть» г. Баку.

В период с середины 60-х годов до середины 80-х годов прошлого столетия было осуществлено большое техническое перевооружение всех технологических установок Гурьевского НПЗ по переработке нефти, что позволило увеличить мощность завода до 4,9 миллионов тонн в год.




Каталикалық риформинг қондырғысының операторлық бөлмесі. 1972 ж.
Операторная установки каталитического риформинга. 1972 г.



Компрессорлық бөлік
Компрессорная станция









6

Бөлім
Раздел

**1980–1989 жж.
Жаңартудың екінші
кезеңі. Өзгерістер
қарсаңында...**

**1980–1989 гг.
Второй этап
модернизации.
Накануне перемен...**





70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басы Қазақстан мұнай шығаратын өнеркәсібі үшін жаңа, ірі мұнай ашылуларының тізбегімен тарихта қалды. Бұл – Теңіз және Қарашағанақ орасан зор кен орындары. Бірақ олардың белсенді өнеркәсіптік игерілуіне әлі де алыс болса да, Каспий маңында көмірсутектің жаңа, елеулі қорларының ашылуы КСРО мұнай өңдеу саласының алдында жаңа ұзақ мерзімді міндеттер қойды.

Конец 70-х – начало 80-х годов для нефтедобывающей промышленности Казахстана были отмечены чередой новых, крупных, нефтяных открытий. Это гигантские месторождения Тенгиз и Карачаганак. И хотя, до их активного промышленного освоения было еще далеко, открытие новых, значительных запасов углеводородов в Прикаспии ставило перед нефтеперерабатывающей отраслью СССР новые долгосрочные задачи.





6

1980–1989 жж.

Жаңартудың екінші кезеңі. Өзгерістер қарсаңында...



1980–1989 гг.

Второй этап модернизации. Накануне перемен...

1970 -1985 жылдары республиканың индустриалды әлеуеті белгілі бір дәрежеде арта түсті. Негізгі өндірістік қорлар үш есе, сонымен бірге химиялық және мұнай-химиялық 6,5 есе, машина жасау 4 есеге жақын, отын өнеркәсібі 3,8 есе арты. 15 жыл ішінде өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемі екі есе, ал машина жасау мен химиялық өнеркәсіп тәрізді салаларында үш еседен артық өсті. Елеулі жаңарту Гурьев мұнай өңдеу зауытын да қамтыды.

70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басы Қазақстан мұнай шығаратын өнеркәсібі үшін жаңа, ірі мұнай ашылуларының тізбегімен тарихта қалды. Бұл – Теңіз және Қарашағанақ орасан зор кен орындары. Бірақ олардың белсенді өнеркәсіптік игерілуіне әлі де алыс болса да, Каспий маңында көмірсутектің жаңа, елеулі қорларының ашылуы КСРО мұнай өңдеу саласының алдында жаңа ұзақ мерзімді міндеттер қойды.

В 1970 – 1985 годах шло определенное нарастание индустриального потенциала республики. Основные производственные фонды увеличились в три раза, при этом в химической и нефтехимической – в 6,5 раза, в машиностроении – почти в 4, в топливной промышленности – в 3,8 раза. За 15 лет общий объем промышленной продукции увеличился вдвое, а таких отраслей, как машиностроение и химическая промышленность, – более чем втрое. Значительная модернизация затронула и Гурьевский нефтеперерабатывающий завод.

Конец 70-х – начало 80-х годов для нефтедобывающей промышленности Казахстана были отмечены чередой новых крупных нефтяных открытий. Это гигантские месторождения Тенгиз и Карачаганак. И хотя до их активного промышленного освоения было еще далеко, открытие новых значительных запасов углеводородов в Прикаспии ставило перед нефтеперерабатывающей отраслью СССР новые долгосрочные задачи.



*Баяу кокстөу қондырғысы
Установка замедленного коксования*

*1980 жылы Гурьев МӨЗ-де
Қазақстандағы ең алғаш баяу
кокстөу қондырғысы салынды.*

*В 1980 году на Гурьевском НПЗ
была построена первая в
Казахстане установка
замедленного коксования.*

1984 жылы Гурьев мұнай өңдеу зауытына Қазақстан компартиясының ОК хатшысы Н. Ә. Назарбаев жұмыс сапарымен болды.

В 1984 году Гурьевский нефтеперерабатывающий завод посетил секретарь ЦК Компартии Казахстана Н. А. Назарбаев.




1984 жылы Гурьев мұнай өңдеу зауытына Қазақстан компартиясының ОК хатшысы Н.Ә. Назарбаев келіп кетті.

1980 жылы Гурьев МӨЗ-де Қазақстандағы ең алғаш баяу кокстеу қондырғысы (БКҚ) салынды. Шикізат бойынша жылдық өнімнің жобалық қуаттылығы 600 мың тоннаны құрады. Баяу кокстеу қондырғысы жылына 120 мың тонна кокс, оның ішінде 54 мың тонна электродты кокс өндірісін қамтамасыз етті. Бір жылдағы жобалық жұмыс күні – 300. Кейін жұмыс күнінің саны 320-ға дейін жетті.

В 1984 году Гурьевский нефтеперерабатывающий завод посетил секретарь ЦК Компартии Казахстана Н. А. Назарбаев.

В 1980 году на Гурьевском НПЗ была построена первая в Казахстане установка замедленного коксования (УЗК). Ее проектная годовая производительность по сырью составляла 600 тысяч тонн. Установка замедленного коксования обеспечивала выработку 120 тыс. тонн кокса в год, в том числе, 54 тыс. тонн в год электродного. Проектное число рабочих дней в году – 300. Впоследствии число дней работы в году было доведено до 320.





Баяу кокстау қондырғысының операторлық бөлімі
Операторная установка замедленного коксования





21-10/6 типіндегі қызбайтын камераларда баяу кокстеу қондырғысын Уфа қаласының «БашГипронефтехим» институты жобалады.

Қондырғының шикізаты: гудрон, қарамай (мұнай өңдеу қалдығы).

Өндірілетін өнімдер: кокс, кокстеу бензині (А-80 автобензинінің компоненті ретінде пайдаланылады), жеңіл және ауыр газойлды фракциялар (пеш және қазандық отындарының компоненті болып табылады), газ (зауыттың технологиялық пештерінде отын ретінде қолданылады).

1989 жылы мұнай коксын қыздыру қондырғысы қатарға қосылды, ол алюминий өнеркәсібі үшін шикізат болып табылатын қыздырылған коксты өндіруге арналған.

Мұнай коксын қыздыру технологиялық процесі шикі мұнай коксынан ұшпа компоненттер мен ылғалды жою арқылы талаптарға сәйкес келетін қыздырылған коксты алуға арналған.

Установка замедленного коксования в необогреваемых камерах типа 21-10/6 спроектирована институтом Башгипро-нефтехим (г. Уфа).


Сырьем установки являлись: гудрон, мазут (остаток переработки нефти).

Выпускаемая продукция: кокс, бензин коксования (использующийся как компонент автобензина А-80), легкая и тяжелые газойлевые фракции (являющиеся компонентом печного и котельного топлив), газ (используемый как топливо на технологических печах завода).

В 1989 году вступила в строй установка прокали нефтиного кокса для производства прокалённого кокса, являющегося сырьем для алюминиевой промышленности.

Технологический процесс прокали нефтиного кокса предназначен для получения прокалённого кокса, соответствующего требованиям, путем удаления из сырого нефтиного кокса летучих компонентов и влаги.







7

Бөлім
Раздел

**Тәуелсіздік кезеңі.
Нарыққа көшу**

**Период
независимости.
Переход на
рыночные рельсы**





1993 жылдың 8 ақпанынан бастап, нарықтық экономика жағдайындағы жас мемлекеттің даму бағдарына ілесе, зауыт «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ашық акционерлік қоғамына («АМӨЗ» ААҚ) айналады.

С 8 февраля 1993 года, следуя курсу развития молодого государства в условиях рыночной экономики, завод становится акционерным обществом «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» (АО «АНПЗ»).



7 Тәуелсіздік кезеңі

Нарыққа көшу



Период НЕЗАВИСИМОСТИ

Переход на рыночные рельсы

1991 жылдың 16 желтоқсаны. Қазақстан әлемге өзінің тәуелсіздігін жариялады. Елдің тарихында мүлдем жаңа кезең басталады. Және Гурьев мұнай өңдеу зауыты да жаңа кезеңге аяқ басты.

1992 жылдың 4 қазанында Гурьев қаласы Атырау қаласына қайта аталғаннан кейін, зауыттың өзі де атауын өзгертеді. Енді ол Гурьев емес, Атырау МӨЗ аталады. КСРО-дан мұра болып қалған зауыт 1991 жылы сол көрсеткіштер бойынша тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорынға айналды. Және бұл тұрақтылыққа үлкен күш-қайратпен келді. Зауыт басшылығына өте қиын мәселелерді шешуге тура келді. Сауатты жүргізілген жұмыстың, үлкен тәжірибенің және зауыт директоры В.В. Гафнердің, бас инженер С.А. Мералиевтің, күрделі құрылыс жөніндегі бас директор орынбасары В.А. Сердюктің, бас заңгер Л.П. Донскованың, бас заңгер В.В. Лаговскийдің және зауыттың басқа да бас мамандарының жұмысқа қабілеттіліктерінің арқасында нарықтық қарым-қатынасқа өтудің бастапқы кезеңін зауыт қатты күйзеліссіз басып өтті. Кәсіпорындар жабылып, жұмыссыздардың саны артқан сол кезеңде зауыттықтар жайлы өмір сүріп, жұмыс істеді.

16 декабря 1991 года. Казахстан объявляет миру о своей независимости. Начинается абсолютно новый этап в истории страны. И новый период в истории Гурьевского нефтеперерабатывающего завода.

Вслед за переименованием 4 октября 1992 года города Гурьева в город Атырау, меняет свое название и сам завод. Теперь он именуется не Гурьевским, а Атырауским НПЗ. Завод, оставленный в наследство от СССР, в 1991 году был предприятием, работающим по тем меркам, стабильно. И эта стабильность достигалась большой ценой. Руководству завода приходилось решать сложнейшие вопросы. Благодаря грамотно поставленной работе, большому опыту и огромной работоспособности директора завода В.В. Гафнера, главного инженера С.А. Мералиева, заместителя генерального директора по капитальному строительству В.А. Сердюка, главного бухгалтера Л.П. Донсковой, главного юриста В.В. Лаговского и других главных специалистов завода, начальный период перехода на рыночные отношения завод пережил без особых потрясений. В тот период, когда закрывались предприятия и росли ряды безработных, заводчане жили и работали в благополучном климате.



*Техникалық азот шығаратын қондырғы
Установка по производству технического азота*

1992 жылы Атырау МӨЗ алғашқы рет Теңіз мұнайын – құрамында ашық фракциялары едәуір мол жаңа типті, сонымен бірге өңдеуде мұқият дайындық пен технологиялық, сондай-ақ экологиялық мәселелерді шешуді талап еткен құрамында метил-этилмеркаптандары жоғары мұнайды өңдеуді жүзеге асырды. Теңіз мұнайын қайта өңдеу үлесі 12%-ды құрады. Қосымша процестердің жетіспеушілігіне қарамастан, зауыт 65% өңдеу тереңдігіне қол жеткізді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 90 жылдары Қазақстанның барлық өнеркәсіп салалары алдында тым қымбат шетел аналогтарын ауыстыруға тартылған өнімнің жаңа түрлерін игеру мәселесі тұрды. 1993 жылы «АМӨЗ» АҚ-тың Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Мұнай химиясы және табиғи тұздар институтымен көп жылғы тығыз ғылыми-техникалық ынтымақтастығы арқасында техникалық және технологиялық сипаттамасы бойынша үздік әлемдік аналогтардан кем емес мұнайды дайындау кезінде құрғатуға және тұзсыздандыруға арналған өте тиімді жаңа «Атырау» деземульгаторы өнертабысының патенті қорғалып, өндіріске енгізілді.

В 1992 году Атырауский НПЗ впервые осуществил пробную переработку Тенгизской нефти – нефти нового типа со значительно большим содержанием светлых фракций и, одновременно, с высоким содержанием в ней метил-этилмеркаптанов, что потребовало для ее переработки тщательной подготовки и решения как технологических, так и экологических проблем. Доля переработки Тенгизской нефти составляла 12%. Несмотря на недостаточность вторичных процессов, заводом была достигнута глубина переработки 65%.

В 90-е годы после обретения независимости перед всеми отраслями промышленности Казахстана встал вопрос освоения новых видов продукции, призванных заменить слишком дорогие иностранные аналоги. В 1993 году, благодаря многолетнему тесному научно-техническому сотрудничеству АО «АНПЗ» с Институтом химии нефти и природных солей Национальной академии наук Республики Казахстан, был защищен патентом на изобретение и внедрен в производство новый высокоэффективный деземульгатор «Атырау» для обезвоживания и обессоливания нефти при ее подготовке, не уступающий



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтің
Атырау мұнай өндіру зауытына сапарымен келгенде.
1993 ж.

Визит Главы государства Нурсултана Назарбаева
на Атырауский НПЗ. 1993 г.



АМӨЗ басшылық құрамы. 1994 жыл
Руководящий состав АНПЗ. 1994 год

Сонымен бірге 90-жылдардың ортасында зауыт мұнай өнімдерінің жаңа түрлерін – М-40 маркалы мазутты игерді. Осыларды шығару бағдарламасын жүзеге асыру бойынша В.В. Гафнер, С.А Мералиев, Г. Ж. Амантурлин, Д.И. Камитов, В.И. Королев, В.А. Вакуров, Ю.К. Шкодин, В.И. Лепский, Қ.Қ. Оразбаев, Л.С. Петросян, В.В. Овчаренко жемісті еңбек етті.

1995 жыл тағы бір оқиғамен есте қалды – жаңа тауарлық өнім «ТС-1 реактивті отыны» игерілді. Өңделген маңғышлақтық және мартышилық мұнайлардан ТС-1 өндіру технологиясын мұнай өңдеу саласындағы БашҒЗИ зауытпен бірге дайындады.

Осы жылдары жұмыстың орасан зор көлемі

по своим техническим и технологическим характеристикам лучшим мировым аналогам.

Также в середине 90-х годов завод освоил новые виды нефтепродуктов – мазут марки М-40. Над осуществлением программы по их выпуску плодотворно работали В.В. Гафнер, С.А. Мералиев, Г.Ж. Амантурлин, Д.И. Камитов, В.И. Королев, В.А. Вакуров, Ю.К. Шкодин, В.И. Лепский, К.К. Уразбаев, Л.С. Петросян, В.В. Овчаренко. 1995 год ознаменовался еще одним событием – освоена новая товарная продукция «реактивное топливо ТС-1». Технология производства ТС-1 из перерабатываемых мангышлакской и мартышинской нефти была разработана БашНИИ НП совместно с заводом.





каталитикалық риформинг қондырғысында атқарылды: гидротазарту және риформинг блогындағы отандық катализатор ауыстырылды. Катализаторлар АИ-76 және АИ-93 тауарлық автобензиндерін шығару үшін жоғары октандық бензин компоненттерін өндіруді жоғарылату мақсатында ауыстырылды. Нәтижесінде қондырғыны пайдалану кезінде энергияның жұмсалыуының едәуір төмендеуі, реактордың төмен температурасында және барынша көп жүктемеде жоғары октандық бензин компоненттері алынды. Осылайша, құрамында металл бар октанды жоғарылататын қоспаларды қолдануды азайта отырып, АИ-93 этилсіздендірілген тауарлық бензинін шығаруға толық ауысу жүзеге асырылды.

1995 жылы Атырау МӨЗ 50-жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті.

Мереке күндері АМӨЗ тарихы мен еңбек даңқы залы ашылды. Торқалы жылы Атырау МӨЗ 4,2 млн тонна мұнай өңдеді.

1996 жыл мұнай өңдеу тереңдігін 56,78%-дан 60,15%-ға дейін арттырумен есте қалды. Осының есебінен ашық мұнай өнімдерінің шығарылу көлемі 11,9%-ға ұлғайтылды. Тауарлық өнім көлемі 33,3%-ға артты.

1999 жылы қыркүйек айының басында елдің мұнайлы астанасы – Атырау қаласында отандық мұнай-газ өнеркәсібінің тарихындағы ешқандай әсірелеусіз заманалық оқиға орын алды: ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан Қазақстан жерінде көмірсутектер өндірудің басталуына 100 жыл мерейтойы тойланды. Елдің мұнай мерейтойын мерекелеуде Қазақстанның ең алғашқы өнеркәсіптік кәсіпорны және отандық мұнай өңдеудің көшбасшысы ретінде Атырау МӨЗ де белсенді қатысты.

В эти же годы огромный объем работы был выполнен на установке каталитического риформинга: заменен отечественный катализатор на блоке гидроочистки и риформинга. Целью замены катализаторов являлось увеличение выработки компонентов высокооктанового бензина для приготовления товарных автобензинов АИ-76 и АИ-93. В результате достигнуто значительное снижение энергетических затрат при эксплуатации установки, получение компонентов высокооктанового бензина при максимальных нагрузках и низких температурах в реакторах. Так, был полностью осуществлен переход на выпуск товарного неэтилированного бензина АИ-93 с уменьшением применения металлосодержащих октаноповышающих присадок.

В 1995 году Атырауский НПЗ торжественно отметил 50-летний юбилей.

В дни празднования был открыт зал истории и трудовой славы АНПЗ. В юбилейный год Атырауский НПЗ переработал 4,2 млн. тонн нефти.

1996 год был отмечен увеличением глубины переработки нефти с 56,78% до 60,15%. За счет этого был увеличен объем выпуска светлых нефтепродуктов на 11,9%. Объем товарной продукции увеличился на 33,3%.

В начале сентября 1999 года в нефтяной столице страны – городе Атырау произошло, без преувеличения, эпохальное событие в истории отечественной нефтегазовой промышленности: празднование 100-летия начала добычи углеводородов на территории Казахстана, в котором принял участие Президент РК Нурсултан Назарбаев.

Активное участие в праздновании нефтяного юбилея страны принял и Атырауский НПЗ, как старейшее промышленное предприятие Казахстана и флагман отечественной нефтепереработки.



*В. В. Гафнер №1 цехтың жұмысшыларымен
В. В. Гафнер с работниками цеха №1*



2000 жылы қуаттылығы сағатына 600 кубометр техникалық азот шығаратын қондырғы (ААж-0,6М) пайдалануға берілді.

Азот станциясы газ тектес және сұйық азот шығаруға арналған. Газ тектес азот инертті орта құру және тез қышқылданатын өнімдерді өндіру, сақтау және тасымалдауда қауіпсіздікті арттыру, сонымен бірге технологиялық қондырғыларды жөндеуге тоқтату кезеңдерінде жабдықтарды инерттендіру үшін қолданылады. Сұйық азот суытқыш ретінде пайдаланылады.

2006 жылы 1200 м³/сағ. газ тектес азот өндіруге арналған А-1,2 ауа бөлгіш қондырғысы іске қосылды.

ААж-0,6М ауа бөлгіш қондырғысының жобалық қуаты – 550 м³/сағат газтектес азотты немесе 35 кг/сағат сұйық азотты құрайды.

*Жобалық-конструкторлық бөлім ұжымы
Коллектив проектно-конструкторского отдела*



В 2000 году введена в эксплуатацию установка по производству технического азота (ААж-0,6М), мощностью 600 кубометров/час.

Азотная станция предназначена для производства газообразного и жидкого азота. Газообразный азот используется для создания инертной среды и повышения безопасности при производстве, хранении и транспортировке продуктов, которые легко окисляются, а также для инертизации оборудования в период остановов технологических установок на ремонт. Жидкий азот используется как хладагент.

В 2006 году была введена в эксплуатацию воздухо-разделительная установка А-1,2, для производства газообразного азота в объеме 1200 м³/ч.

Проектная мощность установки ААж-0,6М составляет 550 м³/час газообразного азота, или 35 кг/час жидкого азота.

1996 жыл мұнай өңдеу тереңдігін 56,78%-дан 60,15%-ға дейін арттырумен есте қалды. Осының есебінен ашық мұнай өнімдерінің шығарылу көлемі 11,9%-ға ұлғайтылды. Тауарлық өнім көлемі 33,3%-ға артты.

1996 год был отмечен увеличением глубины переработки нефти с 56,78% до 60,15%. За счет этого был увеличен объем выпуска светлых нефтепродуктов на 11,9%. Объем товарной продукции увеличился на 33,3%.





8

Бөлім
Раздел

**2003 – 2006 жж.
Жаңартудың
үшінші кезеңі.
Зауыттың жаңа келбеті**

**2003 – 2006 гг.
Третий этап
модернизации.
Новый облик завода**





Атырау МӨЗ қайта жаңғыртуының негізгі мақсаты ескірген жабдықты ауыстыру, Еуропалық Одақтың ерекшелігіне сәйкес келетін жоғары сапалы өнімді шығару жолымен қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту, жоғары қосылған құнды ашық мұнай өнімдерінің өндіріс көлемін арттыру болып табылады.

Основной целью реконструкции Атырауского НПЗ являлась замена устаревшего оборудования, уменьшение вредного воздействия на окружающую среду путем выпуска высококачественной продукции, соответствующей спецификации Европейского Союза, увеличение объемов производства светлых нефтепродуктов с высокой добавленной стоимостью.



*Кристалдау блогы бар күкірт өндіру қондырғысы
Установка по производству серы с блоком кристаллизации*



8

2003 – 2006 жж. Жаңартудың үшінші кезеңі. Зауыттың жаңа келбеті



2003 – 2006 гг. Третий этап модернизации. Новый облик завода



1998 жылы ҚР Үкіметі мен «Марубени» жапон компаниясының арасында Ынтымастық туралы меморандумға қол қойылды, ондағы бірлескен жобалардың бірінде Атырау МӨЗ-ді қайта жаңғырту көрсетілді. Сол жылдың 5 қазанында «Қазақойл» ҰМК, «Атырау МӨЗ» ААҚ және «МарубениКорпорейшн» ары қарай серіктестік және АМӨЗ қайта жаңғырту жобасының ТЭН дайындауды аяқтау жөнінде бірлескен хаттамаға қол қойды.

Атырау МӨЗ қайта жаңғыртуының негізгі мақсаты ескірген жабдықты ауыстыру, Еуропалық Одақтың (ЕО) ерекшелігіне сәйкес келетін жоғары сапалы өнімді шығару жолымен қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту, жоғары қосылған құнды ашық мұнай өнімдерінің өндіріс көлемін арттыру болып табылады.

В 1998 году между Правительством РК и японской компанией «Марубени» был подписан Меморандум о сотрудничестве, где одним из совместных проектов была указана реконструкция Атырауского НПЗ. 5 октября того же года НКК «Каззахойл», ОАО «Атырауский НПЗ» и «МарубениКорпорейшн» подписали совместный протокол по дальнейшему сотрудничеству и завершению подготовки ТЭО проекта реконструкции АНПЗ.

Основной целью реконструкции Атырауского НПЗ являлась замена устаревшего оборудования, уменьшение вредного воздействия на окружающую среду путем выпуска высококачественной продукции, соответствующей спецификации Европейского Союза (ЕС), увеличение объемов производства светлых нефтепродуктов с высокой добавленной стоимостью.



*Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ президенті Н. Балғымбаев пен «АМӨЗ» ААҚ президенті Г. Амантурлин АМӨЗ-ді қайта құру қажеттігі жөнінде баяндауда 2000 ж.
Главе государства Н. А. Назарбаеву докладывают о необходимости проведения реконструкции на АНПЗ президент АО «НК «КазМунайГаз» Н. Балгимбаев и президент ОАО «АНПЗ» Г. Амантурлин. 2000 г.*

1999 жылдың ортасынан бастап зауыт акциясы бақылау пакетінің (86,7%) ұстаушысы «Қазақойл»ҰМК ЖАҚ, кейін «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ 2005 жылдан бастап 99,17% үлесті иеленуші болып есептеледі.

2001 жылдың 4 желтоқсанында «Марубени Корпорейшн» компаниясымен және «JGC» компаниясымен «кілтпен тапсыру» жағдайында Атырау МӨЗ-ді қайта жаңғырту жөнінде келісім-шартқа қол қойылды. Бір жыл кейін, 2002 жылдың ақпанында АМӨ зауытында жаңа технологиялық қондырғылардың іргетасы орнына символикалық тас қаланды. Осы уақыттан бастап Атырау МӨЗ қайта жаңғырту жобасын толық ауқымда жүзеге асыру басталды.

2004 жылдың 19 шілдесінде жаңа нысандарды бірінші таныстыру рәсімі өтті. Бұл уақытқа қарай ең бейнетті және ауыр кезең – технологиялық жабдық орнының іргетасын дайындау аяқталып, жабдықты монтаждау басталған еді.

Алғашқы нәтиже **сутекпен тазалау және изомерлеу қондырғысының** колонналарын монтаждау болды.

Бензинді сутекпен тазалау және изомерлеу қондырғысы

Пайдалануға берілген жылы – 2006 ж. Бензинді сутекпен тазарту және тұрақтандыру қондырғысы тіке айдалған нафтаны құрамында күкірт, азот және оттеп бар қосылыстардан құрамында сутек бар газ (ҚСГ) қатысуымен арнайы катализаторда тазарту үшін, сондай-ақ буландыру және ректификация әдісімен бензиндерді тұрақтандыруға арналған.

С середины 1999 года держателем контрольного пакета акций (86,7%) завода стало ЗАО ННК «Казахойл», впоследствии АО «НК «КазМунайГаз». Владелец доли - 99,17% с 2005 года является АО «КазМунайГаз – переработка и маркетинг».

4 декабря 2001 года был подписан контракт на реконструкцию Атырауского НПЗ на условиях «под ключ» с компанией «Марубени Корпорейшн» и компанией «JGC». Годом позже, в феврале 2002-го, на АНПЗ в фундамент новых технологических установок был заложен символический камень. С этого момента началась полномасштабная реализация проекта реконструкции Атырауского НПЗ.

19 июля 2004 года состоялась первая презентация новых объектов. К этому времени завершился наиболее трудоемкий и тяжелый этап – подготовка фундамента под технологическое оборудование и был начат монтаж оборудования.

Первой «ласточкой» стал монтаж колонн **установки гидроочистки и изомеризации.**

Установка гидроочистки и изомеризации бензина

Год ввода установки в эксплуатацию – 2006 г. Установка гидроочистки и стабилизации бензина предназначена для очистки прямогонной нефти от серо-, азот- и кислородосодержащих соединений на специальном катализаторе в присутствии водородсодержащего газа (ВСГ), а также для стабилизации бензинов методом отпаривания и ректификации.





Жаңа технологиялық қондырғылар құрылысының іргетасына алғашқы тасты қалау салтанаты 2002 ж. ақпаны

Церемония закладки первого камня в фундамент строительства новых технологических установок. Февраль 2002 г.



«АМӨЗ» ААҚ президенті С. Шишлов пен ҚР Премьер-министрі И. Тасмағамбетов, 2002 ж.
Президент ОАО «АНГЗ» С. Шишлов и Премьер-министр РК И. Тасмағамбетов, 2002 г.



Сутекпен тазарту және тұрақтандыру секциясының жылына 330 күн жобалық қуаты:

- сутекпен тазалау торабы бойынша – 47 000 т/жыл (60 т/сағ);
- тұрақтандыру торабы бойынша – 554 000 т/жыл (70 т/сағ);
- фракцияландыру торабы бойынша – 870 000 т/жыл (110 т/сағ) құрайды.

Өнімдері: сутекпен тазартылған бензин (жеңіл және ауыр нафта), сұйытылған мұнай газы, құрғақ газ.

НК-85 фракциясын изомерлеу блогы оны сутекпен платиналық катализаторда изомерлеу әдісі арқылы октан санын арттыруға қызмет етеді. Изомерлеу секциясының шикізат бойынша жобалық қуаттылығы жылына 173 мың тоннаны құрайды.

Өнімдері: изомеризат (жоғары октанды компонент).

Проектная мощность секции гидроочистки и стабилизации бензина 330 дней в году составляет:

- по узлу гидроочистки – 470 000 т/год (60 т/ч);
- по узлу стабилизации – 554 000 т/год (70 т/ч);
- по узлу фракционирования – 870 000 т/год (110 т/ч).

Вырабатывает: гидроочищенный бензин (легкая и тяжелая нафта), сжиженный нефтяной газ, сухой газ.

Блок изомеризации фракции НК-85, служит для повышения октанового числа методом ее изомеризации на платиновом катализаторе в присутствии водорода. Проектная мощность секции изомеризации по сырью составляет 173 тысяч тонн в год.

Вырабатывает: изомеризат (высокооктановый компонент).



Бірінші нысанды пайдалануға беру. Солдан оңға қарай: Т. Байтазиев, В. Супрун, Г. Кешубаев. 2004 ж. 19 шілде
Сдача в эксплуатацию первого объекта. Слева направо: Т. Байтазиев, В. Супрун, Г. Кешубаев. 19 июля 2004 г.

Дизель отынын сутекпен тазалау және парафинсіздендіру қондырғысы

Пайдалануға берілген жылы – 2006 ж.
Дизель отынын сутекпен тазалау/парафинсіздендіру қондырғысы арнайы катализаторда сутектің қатысумен керосинді-газойль фракциясы және кокстеу жеңіл газойлін күкірт, азот және отек құрайтын көмірсутектерден тазартуға, сондай-ақ жылдың қысқы мезгілінде сутекпен тазаланған керосинді-газойль фракциясында лайлану және қату температурасын төмендету мақсатында парафинді қосылыстарды бөліп алу үшін қолданылады. Шикізат тіке айдалатын дизель отыны және жеңіл кокстеу газойлі болып табылады.

Дизель отынын сутекпен тазалау/парафинсіздендіру қондырғысының үздіксіз 330 күн/жыл жұмысы жағдайындағы жобалық қуаттылығы:

- Тіке айдалатын керосин/дизель фракциясы
- жаз маусымында 1 300 000 т/жыл (164 т/сағ);
 - қыс маусымында 1 200 000 т/жыл (151,5 т/сағ); оның ішінде баяу кокстеу қондырғысынан (БКК) жеңіл газойль;
 - жаз маусымында 176 000 т/жыл (22,2 т/сағ);
 - қыс маусымында 120 000 т/жыл (15,1 т/сағ) құрайды.

Өнімі: тұрақсыз бензин, тұрақты бензин, сутекпен тазаланған керосин және күкірт аз дизель отыны, жай қататын дизель отыны.

Установка гидроочистки и депарафинизации дизельного топлива

Год ввода установки в эксплуатацию – 2006 г.
Установка гидроочистки/депарафинизации дизельного топлива предназначена для очистки керосино-газойлевой фракции и легкого газойля коксования от серо-, азот- и кислородосодержащих углеводородов на специальном катализаторе в присутствии водорода, а также для разложения парафиновых соединений в гидроочищенной керосино-газойлевой фракции с целью снижения температуры помутнения и застывания для зимнего периода времени года. Сырьем является прямогонное дизельное топливо и легкий газойль коксования.

Проектная мощность установки гидроочистки/депарафинизации дизельного топлива с непрерывной работой 330 дней/год составляет:

- Керосино-газойлевая фракция прямой перегонки
- в летний период 1 300 000 т/год (164 т/час);
 - в зимний период 1 200 000 т/год (151,5 т/час); в том числе, легкий газойль установки замедленного коксования (УЗК);
 - в летний период 176 000 т/год (22,2 т/час);
 - в зимний период 120 000 т/год (15,1 т/час).

Продукция: нестабильный бензин, стабильный бензин, гидроочищенный керосин и дизельное топливо с пониженным содержанием серы, низкозастывающее дизельное топливо.







Сутек өндіру және тазарту қондырғысы (СӨТҚ)

Іске қосылған күні – 2006 ж.

Сутек тазарту секциясы құрамында сутек бар газды (ҚСГ) қысқа мерзімді адсорбциялау үдерісі кезінде алты адсорберде жүзеге асатын каталикалық риформинг қондырғысынан тазартуға арналған.

Сутекті жоғары тазалықта (99,9%) алу үшін, «Axsia Howmar» компаниясының технологиясы бойынша қозғалмайтын адсорбенттерде ауыспалы қысымды (PSA) адсорбция жүйесі қолданылады. Процесс адсорбция мен регенерация негізгі кезеңдерінің қайталанатын циклдері негізінде жүзеге асады.

Тазартудан кейін алынатын өнімдік сутек мөлшері – 11 057 м³/сағ.

Сутек жасау (алу) секциясы каталикалық бу риформингі жолымен газдар қоспасынан (мұнай газы, сутек) синтетикалық газды (газ тәрізді шикі сутек қоспасы) алуға бағытталған.

Синтетикалық газды тазартудан кейінгі алынатын өнімдік сутек мөлшері – 5615 м³/сағ.

Сутек өндіру және тазарту қондырғысының жалпы өнімділігі 16 672 м³/с жоғары жиілікті тазартылған сутекті құрайды (99,9%).

Установка производства и очистки водорода (УПОВ)

Дата ввода в действие – 2006 г.

Секция очистки водорода предназначена для очистки водородсодержащего газа (ВСГ) от существующей установки каталитического риформинга при процессе краткосрочной адсорбции, осуществляемой в шести адсорберах.

Для получения водорода высокой чистоты (99,9%) используется система адсорбции с переменным давлением (PSA) на неподвижных адсорбентах по технологии компании «Axsia Howmar». Процесс реализуется на основе повторяющихся циклов с основными этапами адсорбции и регенерации.

Количество получаемого производственного водорода после очистки – 11 057 нм³/ч.

Секция генерирования (получения) водорода, предназначена для получения синтетического газа (смесь сырого газообразного водорода) из газовой смеси (нефтяной газ, водород) путем каталитического парового риформинга.

Количество получаемого производственного водорода после очистки синтетического газа – 5 615 нм³/ч.

Общая производительность установки очистки и производства водорода составляет 16 672 нм³/ч очищенного водорода высокой чистоты (99,9 %).



Кристалдау блогы бар күкірт шығаратын қондырғы

Пайдалануға берілген жылы – 2006 ж.
Өнімділігі 26 тонна/тәулік күкірт шығаратын қондырғы қайтарым газдарынан және қышқыл сарқындыларынан күкірт алуға арналған.
Сұйық күкіртті кристалдау қондырғысының (U-34) өнімділігі 4 т/сағ.

Өнімнің жобалық сипаттамасы:

- Күкірттің тазалығы – 99,9%;
- H_2S құрамы – 10 ppm wt. max.



Установка производства серы с блоком кристаллизации

Ввод установки в эксплуатацию – 2006 год.
Установка получения серы производительностью 26 тонн/сутки предназначена для получения серы из отходящих газов и кислых стоков.
Установка кристаллизации жидкой серы (U-34) производительностью 4 т/час.

Проектная характеристика продукта:

- Чистота серы - 99,9 %;
- Содержание H_2S - 10 ppm wt. max.





Өнімділігі 26 тонна/тәулік күкірт шығаратын қондырғы қайтарым газдарынан және қышқыл сарқындыларынан күкірт алуға арналған.

Установка получения серы производительностью 26 тонн/сутки предназначена для получения серы из отходящих газов и кислых стоков.

Сарқынды суларды биологиялық тазарту қондырғысы

Пайдалануға берілген жылы – 2006 ж.

Сарқынды суларды биологиялық тазарту қондырғысында екі негізгі ағын тазалаудан өтеді:

- МОС қондырғысының сарқындылары;
- тұрмыстық кәріздік сарқындылар.

Жүйеде суды тазалау үшін келесі процестер қолданылды:

- флокуляция және флотация процесі;
- биологиялық тазарту процесі;
- сүзу және хлорлау процесі;
- шөгіндіні құрғату процесі.

Барлық жоғарыда аталған процестер сарқынды суларды өңдеу және оны технологиялық қондырғыларда қайтара пайдалану мақсатымен қажетті сапаға жеткізу үшін реагенттерді қолдану арқылы жүргізіледі және ол арқылы Жайық өзенінен су тұтыну едәуір қысқартылады, бұл маңызды экологиялық аспект болып табылады.

Қондырғының өнімділігі 645 м3/сағ.



Установка биологической очистки сточных вод

Ввод в эксплуатацию - 2006 год.

На установке биологической очистки сточных вод проходят очистку два основных потока:

- сточные воды, поступающие из установки МОС;
- бытовые канализационные стоки.

Для очистки воды в системе применены следующие процессы:

- процесс флокуляции и флотации;
- процесс биологической очистки;
- процесс фильтрации и хлорирования;
- процесс обезвоживания осадка.

Все вышеперечисленные процессы сопровождаются применением реагентов для обработки сточной воды и доведения его до требуемого качества с целью повторного использования на технологических установках, и тем самым значительно сокращается потребление воды из реки Урал, что является важным экологическим аспектом.

Производительность установки 645 м3/ч.



Айналма сумен жабдықтайтын су салқындатқыш қондырғы

Пайдалануға берілген жылы – 2006 ж.

